



ARAL  
GEOPARK

# АРАЛ ГЕОПАРКІ: ТЕҢІЗ ТАРТЫЛҒАНМЕН, ТАБИҒАТТЫҢ ТЫЛСЫМ СЫРЫ ТАУСЫЛМАЙДЫ

## THE ARAL GEOPARK: EVEN AS THE SEA RECEDES, NATURE'S MYSTERIES REMAIN ENDLESS

Сәуле ТЕМІРБЕК  
«Арал» геопаркінің директоры

Saule TEMIRBEK  
Director of the Aral Geopark

Кез келген мемлекеттің өткенінен тамыр тартатын ұлттық қазынасы – тарихи, мәдени, археологиялық, табиғи ескерткіштері. Кейінгі жылдары бүкіл әлемде геологиялық және ландшафттық құндылығы бар табиғи ескерткіштерге қызығушылық артқан, геотуризм қарқынды дамып келеді. Ғалымдар мен туристердің назары геологиялық тарихи ескерткіштерге, ежелгі жанартау қалдықтарына, метеорит кратерлеріне, ежелгі теңіздердің шөгінділеріне, оларды мекен еткендердің, тектоникалық құбылыстардың ізіне ауып отыр.

Жер қойнауынан Менделеев кестесіндегі элементтердің барлығы, ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі ғалам тарихының небір көрнекті үлгілері табылатын Қазақстан аумағын геотуризмнің ашық аспан астындағы бірегей музейімен теңестіруге болады. Еліміздің әр өңірінде өзіне ғана тән геологиялық нысандары бар.

A nation's most enduring wealth lies in its historical, cultural, archaeological, and natural heritage — treasures deeply rooted in its past. In recent years, global interest in geological and landscape monuments has grown significantly, giving strong momentum to the development of geotourism. Scientists and travelers alike are increasingly attracted to sites of geological heritage: ancient volcanic formations, meteorite craters, sedimentary layers of prehistoric seas, and traces of tectonic activity and long-vanished ecosystems.

Kazakhstan, with its vast territory containing nearly every element of the Mendeleev periodic table and exceptional examples of the Earth's geological evolution from ancient eras to the present day, can rightfully be described as an open-air museum for global geotourism. Every region of the country offers unique geological formations and natural phenomena.

Мамандардың айтуынша, Кеңес одағындағы алғашқы геологиялық қорықтар Қазақстанда құрылып, геомұраны сақтау және геопарктер мәселесі 1920 жылдардан бастап көтерілген екен.

Ұлттық геопарк желілерін құру бастамасы неден туындағанына зер салсақ, 90-жылдардың аяғында Еуропадағы геологиялық мұра нысандарына туристер легін тарту арқылы жергілікті тауарөндірушілерге өз өнімдерін, қызметтерін сол өзі тұрған жерінде өткізуге жағдай жасау, ауылдық жерлердегі экономикалық құлдырауды тежеу мақсатында қолға алыныпты.

Бүгінде геопарктер сұранысқа ие және өте табысты бизнес-жобаларға айналып, туристік ағымдарға жол ашып келеді. Қазіргі таңда әлемнің 50 еліндегі 229 нысанды біріктіретін UNESCO-ның Дүниежүзілік геопарктер желісінің жұмысы бір ізге түскен. Бұл желіге мүшелікке өту үшін геотуризмнің сапасы және деңгейі жоғары болуы керек.

Қазақстан – геотуризмді дамыту бойынша әлемдік желінің тәжірибесін пайдаланған посткеңестік кеңістіктегі алғашқылардың бірі. Көршілес мемлекеттердегі бұл саланың даму қарқыны қандай десек, кейінгі жылдары Қытайдағы 180-нен астам ұлттық маңызы бар геопарктің 41-і әлемдік мәртебеге ие болған. Ресейдегі 3 геопарктің біреуі UNESCO Бүкіләлемдік геопарктер желісіне енген. Ал Орталық Азияда әзірге жоқ.

According to experts, the first geological reserves in the Soviet Union were established in Kazakhstan, while discussions on the protection of geological heritage and the creation of geoparks date back as early as the 1920s.

The concept of developing national geopark networks emerged in Europe in the late 1990s, when geological heritage sites began attracting significant tourist flows. This, in turn, created opportunities for local producers to market goods and services directly within their regions and helped alleviate economic decline in rural areas.

Today, geoparks have become highly востребованный and economically sustainable tourism destinations, attracting large numbers of visitors each year. The UNESCO Global Geoparks Network currently unites 229 territories across 50 countries, and membership requires a high standard of geotourism quality, environmental management, and visitor infrastructure.

Kazakhstan is among the first post-Soviet states to adopt international best practices in geotourism development. In neighboring China, more than 180 nationally designated geoparks have been established, 41 of which have already achieved UNESCO Global Geopark status. In Russia, one out of three geoparks is included in the UNESCO Global Geoparks Network. In Central Asia, however, no such territory has yet been internationally registered.





Елімізде геопарктер құру үшін зор әлеует, әсем ландшафттар, егжей-тегжейлі зерттелген тарих бар. Оған қоса инфрақұрылым жыл өткен сайын дамып, жолдардың саны мен сапасы артты, әуежайлар желісі ұлғайды, қонақүйлер салынды. Бұл – аймақтың табиғи және мәдени мұрасын сақтайтын, жергілікті бірегейлікті нығайтатын және дамытатын, сондай-ақ туризмді ілгерілететін жаңа бағыт. Жоғарыда айтылғандай, жолдар мен қонақүйлердің, аттракциондар мен сапар орталықтарының желісін одан әрі ұлғайта түседі. Бұл туристерге қолайлы болумен қатар, жергілікті халықтың да жайлы тұрмысына, жұмыс орындарының ашылуына, ауыл-аймақтың дамуына жол ашады. Шалғай елді мекендерден қалаға көшушілер санын едәуір қысқартады.

Елімізде Арал, Ұлытау, Кіші Қаратау геопарктері құрылуда. Арал геопаркі – Арал теңізінің табиғаты мен осы өңірдің экономикасын сақтау мақсатында қолға алынған Орталық Азиядағы алғашқы туристік бағыт. Геологиялық, этникалық турларымен қоса, басқа туристік нысандарды қамтитын ашық аспан астындағы музей. Бұл аумақ табиғи-рекреациялық, мәдени-тарихи және сакралды бағыттарға бай болғандықтан, жаңадан ашылған геопарктің әлеуеті жоғары.

Kazakhstan possesses strong potential for geopark development due to its diverse landscapes, rich historical legacy, and steadily improving infrastructure. Roads, airports, and hotel facilities are expanding year by year. This creates an entirely new avenue for preserving natural and cultural heritage, strengthening local identity, and stimulating tourism development. It also contributes to the expansion of transport and hospitality infrastructure, generates employment opportunities, improves living standards for local communities, and helps reduce rural-to-urban migration.

At present, geoparks are being established in Aral, Ulytau, and Kishi Karatau. The Aral Geopark is the first tourism initiative in Central Asia aimed at preserving both the natural environment and the economic potential of the Aral Sea region. It functions as an open-air museum that combines geological and ethno-cultural routes with other tourism assets. Given its rich natural, recreational, cultural, historical, and sacred resources, the geopark demonstrates substantial long-term development potential.

Efforts to comprehensively restore the Aral region's ecosystem, stabilize its socio-economic conditions, and mitigate environmental damage have united government institutions, local communities, and the International Fund for

Арал өңірінің экожүйесін кешенді жаңғырту, әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандыру, сондай-ақ экологиялық жағымсыз салдарды жою мақсаты мемлекеттік құрылымдарды, жергілікті халықты және Халықаралық Аралды құтқару қорын біріктірді. Геопарктің ресми ашылу салтанаты 2024 жылдың 15 тамызында Арал қаласында өтті. Ол Арал ауданы аумағының шамамен 30%-ын алып жатыр, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің бойында орналасқан.

Адамзат баласы ауыр экологиялық апатпен күресуге және бақытты өмір сүруге қабілетті. Арал өңірінің бірегей мұрасын жаңғырту және әлемге танымал ету үшін нақты қадам жасау керек. Геопарк құрудағы басты ұстанатын қағида осы.

Геологиялық мұраның негізгі объектілері жердің тарихын, климаттың өзгеруін зерттеуге мүмкіндік береді. Арал теңізінің құрғаған табаны – ғылыми зерттеумен айналысатындарға, туристерге таптырмас орта. Теңіз табанымен жаяу, көлікпен жүруге, Марс бетіне ұқсас ерекше ландшафтты, Қызыл кітапқа енген сирек кездесетін құстар ұя салатын каньондар мен көлдерді зерттеуге болады.

Бұл аумақ ержүрек жауынгерлердің атамекені болғандықтан, атақты батырлардың, әулиелердің кесенелері киелі жер ретінде құрметтеледі. Жергілікті тұрғындар оларды қамқорлыққа алып, қадір-қасиетін жастарға, туристерге ұғындырып отырады.

Saving the Aral Sea. The official opening ceremony of the geopark took place on August 15, 2024, in the city of Aral. It covers approximately 30 percent of the Aral District and is strategically located along the international transport corridor “Western Europe – Western China.”


Humanity is capable of overcoming even the most severe environmental crises and building a sustainable future. The restoration and global recognition of the Aral region’s unique heritage requires concrete and coordinated action — this principle lies at the heart of the geopark initiative.

The geological heritage sites of the area provide invaluable insight into the Earth’s history and the processes of climate change. The dried seabed of the Aral Sea offers a unique natural laboratory for researchers and tourists alike. Visitors can cross it on foot or by vehicle, exploring Martian-like landscapes, canyons, and saline lakes where rare bird species listed in the Red Book continue to nest.

Historically, this land has been associated with brave warriors and heroic traditions. It is home to the mausoleums of celebrated batyrs and saints, revered as sacred sites by local communities. These traditions are carefully preserved and passed on to younger generations and visitors.

The legacy of akyns and zhyrshy — poets and oral storytellers who glorified courage, resilience, and national unity — continues to live on. The people of Aral have preserved the authenticity of traditional musical and poetic performance to this day. The “House of Zhyrau” operates in the region to safeguard and transmit these unique artistic traditions.





Батылдықты, ел бірлігін дәріптеген жыраулар мұрасы, жыр-термелер ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді. Аралдықтар күні бүгінге дейін жыраулық өнердің ерекшеліктерін, дәстүрлі орындаушылықты таза күйінде сақтаған. Осы өңірге ғана тән мақамдарды келер ұрпақ санасына сіңіру үшін мұнда «Жыраулар үйі» жұмыс істейді.

Аралдың перзенті, әлемге әйгілі жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің шығармашылығы туған жеріне деген сүйіспеншілікке, жоғалған теңізді аңсауға толы екені белгілі. Жазушы мемориалы теңіздің бұрынғы жағасында орналасқан, бұл халықтың арманын, Арал кезіндегі жағалауына қайта оралатынына үмітті екенін бейнелейді.

Жергілікті жұртшылық әдет-ғұрыптарды сақтайды, қолөнердің ескі заманнан бері келе жатқан үлгілерін ұмытпаған, дәстүрлі тағамдарды жасайды, діни және басқа да мерекелерді атап өтеді. Атакәсібі малшылық пен балықшылық болғандықтан, осыған қатысты барлық дәстүрлер мен жаңашылдықтарды күнделікті тұрмыста қолданады.

Бұл аумақты табиғи, тарихи және туристік жағынан дамытудың Сыр өңіріне тигізер пайдасы зор болмақ. Геопарк жергілікті халықтың қолдауымен ұйымдастырылған. Оның дамуына, туристердің келуіне тұрғындар да мүдделі

The heritage of Abdimajil Nurpeisov, the world-renowned writer and son of Aral, is deeply rooted in his love for his homeland and his longing for the lost sea. His memorial, located on the former shoreline, symbolizes hope and collective memory — the belief that the Aral coastline may one day return.

Local residents continue to preserve their customs, traditional crafts, cuisine, and cultural and religious celebrations. Since livestock breeding and fishing have historically been the region's principal livelihoods, the traditions associated with these activities remain actively woven into everyday life.

The development of this territory as a natural, historical, and tourism hub holds tremendous promise for the future of the region. The geopark is community-driven, with local residents actively supporting its growth and directly benefiting from tourism expansion. Artisans producing camel wool goods, dairy products, and traditional handicrafts are also participating in the initiative, contributing to economic diversification and employment generation.

Among the most significant geo-sites, the Aral Sea stands as a planetary-scale geocological monument — a symbol of desertification, salinization, and ecosystem collapse, and one of the largest environmental disasters in modern human history. Today, however, the Small Aral



болғандықтан, түйе сүтінен, жүннен жасалған, кәдеге жарайтын өнімдер жасайтын сәндік-қолданбалы өнер шеберлері де тартылған. Бұл экономиканы өркендетуге, тұрғындарды пайдалы іспен айналысуға жетелейді.

Ең негізгі геонысандар туралы айтсақ, Арал теңізі – планетарлық масштабтағы геозологиялық ескерткіш, құрғақшылық, тұздану және экожүйе деградациясының мысалы. Адамзат тарихындағы ең ірі экологиялық апаттың бірінің салдарынан тартылған теңіз табаны. Бүгінде Кіші Арал теңізіне балықтар мен құстар оралған, микроклимат жақсарған.

Қамыстыбас көлі, Ақеспе жерасты ыстық суы, Көкарал бөгеті, Шижаға құмды төбелері, Барсакелмес табиғи қорығы, Арыстанбаб, Бегім ана кесенелері, тағы басқа нысандар келушілерге тарихтан, ежелгі дәуір аңыздарынан сыр шертіп, табиғатпен тілдесуге мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта Арал геопаркіне UNESCO-ның жаһандық мәртебесін алуға өтініш беріледі. Комиссия аумақтың геопарк жаһандық желісіне кіруі туралы бірнеше критерийлер негізінде шешім шығарады. Арал геопаркін UNESCO тізіміне қосу аумақтың экономикалық, ғылыми және мәдени дамуына серпін беруге, халықаралық ынтымақтастыққа, білім мен ғылыми жетістіктерді кеңінен насихаттауға ықпал ететін болады.

Өңірлерде индустриялық, шикізаттық емес экономиканы да дамыту, бірегей табиғи геологиялық объектілерге бағдарлану өте маңызды. Жас ұрпақ үшін бірегей табиғи объектілерді сақтап, таза қоршаған орта қалыптастыруға мүмкіндік бар.

Sea is witnessing the gradual return of fish and bird populations, along with visible improvements in the local microclimate.

Lake Kamystybas, the Akеспе Underground Thermal Springs, the Kokaral Dam, the Shijaga Sand Dunes, the Barsakelmes Nature Reserve, and sacred monuments such as Arystan Bab Mausoleum and Begim Ana Mausoleum all offer visitors a journey through history, ancient legend, and the living dialogue between humanity and nature.

In the near future, an application will be submitted for UNESCO Global Geopark status. An international commission will assess the territory against multiple criteria before deciding on its inclusion in the global network. UNESCO recognition would significantly enhance the region's economic, scientific, and cultural development, strengthen international cooperation, and promote the achievements of local research and knowledge on a global stage.

At the regional level, it is essential to foster non-extractive and industrially diversified economic growth while focusing on the area's unique geological assets. This also presents an opportunity to preserve exceptional natural sites for future generations and to ensure a cleaner, healthier, and more sustainable environment for the youth. ■

